

«ГӘККУ» САХНАҒА ҚАЛАЙ КЕЛГЕН?



Халық оны «Біздің Күләш», «Бұлбұл Күләш» деп атап жүрді. Ол ширек ғасырдан аса уақыт бойы қазақ операсын көркейтіп, оның даңқын арттырды, оның мақтанышы болды. Иә, Күләштің бұлбұл үні, әсем әні қанат қақты.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен алғашқы онкүндігінде уыздай жас актриса дүниежүзіне даңқы жайылған үлкен театр сахнасынан өзінің сүйіп орындайтын «Гәккуін» айтты. Асқақ ән бар әлемді баурап алды. Ол Каир мен Бухарестің залдарында, асау Даугава мен күміс толқынды Днепр жағасында

шырқалды. Бұл әнді естіген сайын көрнекті композитор, республика халық артисі, жасы егде тартқан осы бір адам Ленинград консерваториясын бітірісімен өзіне ел жұмбақ сонау алыс Қазақстанға барған, енді қайталанбас жылдар керуенін есіне алады.

...Шымкентке таяған кезінде поезд салдыр-гүлдір етіп, кішкентай разъезге тоқтай қалды. Жас композитор вагоннан шықты да, жып-жылы рельске келіп отырды. Оны тұнып тұрған тыныштық бірден өз құшағына тартып алғандай еді. Доңғалақтардың тынымсыз дүрсілінен, паровоздың ащы айқайларынан кейін бұл оған біртүрлі салтанатты, біртүрлі әуенді болып көрінді. Сарғайған дөңдер үстінде сары сағым ойнайды. Шырқау биікте қыран құс қанатын қағады.

Композитор даланың әсем көрінісіне сүйсіне қарайды. Оның көз алдынан бұрын кездесе қоймаған жады музыкалық сазды әуенге толы өмір торғын шымылдығын айқара ашқандай.

Жақында ғана вагонда болған әңгіме есіне түсті. Жол бойында кездескен бір адам оның осындай алыс жерге неге кетіп бара жатқанын қайта-қайта өзінен сұрап болған жоқ. Басында үндемей отырғанымен, ақырында: «Ән іздеп барамын», – деді Евгений Брусиловский.

Композитор ақырын ғана жымып қойды. Өйткені ол шындықтан онша алыс та емес еді. Мұндай алыс сапарға тегіннен-тегін кетіп бара жатқан жоқ-ты. Көз алдында кеңіліп бейтаныс өлке – ән мен жыр өлкесі жатыр.

Қазақстан астанасы оны мөлдір бұлақтардың сылдырымен, сүмбіле теректердің сыбдырымен, құстардың құбылтып салған назды нәзік әнімен қарсы алды. Сан алуан сұлу үн қосылып, сыры толық симфонияға айналды. Бұл ғажап симфония әуенінің табиғаты өзіндей болды.

Композитор Гоголь көшесіндегі «Жетісу» қонақүйінің тар да мазасыз номерлерінің біріне орналасты. Ол мұндай қолайсыздыққа көңіл бөлмеді: сирте тұрады, жұмыстан кеш келеді. Тез шешініп, төсекке жата қалса да көпке дейін ұйықтай алмайды. Күндізгі кездесулер, тыңдаған ән-күйлері есінен кетпейді.

Ол музыкалық училище жанындағы ғылыми-зерттеу кабинетінде қызмет істейтін-ді. Мұнда қазақ әндері мен күйлерінің жазбалары сақталатын. Сахнаға даңқы жайылған әншілер мен күйшілер де жиі-жиі келіп тұрады. Ал қабырғасы жұқа көрші бөлмеден ертеден кешке дейін қобыз бен домбыра шалқиды. Кешегі көшпелі қазақ ауылының балалары музыка тілін үйреніп, мәдениет шындарына құлаш ұруда.

Әсіресе бір кездесу есінде қалды. Кабинетке кең жауырынды кісі кірді. Басында қара тақиясы бар. Ол амандасып жатып, композиторға көзінің астымен бір қарады да, өзінің кім екенін айтты.

Композитор қуанып кетті, оның алдында халықтың сүйіктісіне айналған адам тұрды. Ол Александр Викторович Затаевич туралы бұдан бұрын да талай рет естіген еді. Бұл адам қазақтың ән-күйлерін жинауға өмірінің көптеген жылдарын сарп етті. Содан соң оны «Қазақ халқының мұң әні» деген атпен жинақ етіп бастырды.

Даланың тамаша әншілерінің бірі оның алдында отыр. Композитор бұл адамды да бұрын көрген емес-ті. Амандасып, танысқаннан кейін оған домбыра ұсынды. Әнші оның тілегін бірден түсінді. Қолынан домбыраны алды да, құлағын бұрап күйіне келтіріп, ашық әдемі даусымен әнді шырқап қойды. Композитор оның дауысынан таң қалды. Өзі ашық болудың үстіне, сонау биік аспанда шындап талмай қанат қағатын зор да екен. Қолына бір жапырақ ақ қағазды алды да жаңа әннің әуенін нотаға түсірді.

«Музыканы жасайтын халық, ал біз суреткерлер болсақ, тек оны жұмырлаушы ғана болып табыламыз», – деп Глинка мың мәртебе дұрыс айтқан – композитордың ән тыңдағанда, міне, ойына келгені осы еді.

Халық әншісімен кездесу қызықты өтті. Затаевичтің үлгісі бойынша жас композитор қазақ әндері мен күйлерін жазып ала бастады. Жайдары да мұңды, асқақ та әдемі көптеген әндер кейінірек оның бірсыпыра шығармаларына желі болды.

1934 жылдың жұмсақ, қарлы қысында қазақ халқының тұңғыш музыкалық театры дүниеге келді. Ол республика үкіметінің шешімі бойынша Алматыда құрылды. Театрға әншілік өнерімен бүкіл далаға даңқы шыққан майталмандар, драма театрында танылған арландар келді. Олардың ішінде 20 жасқағы жас бүлбүл, талдырмаш, мейлінше әдемі Күләш Байсейітова да бар еді.

Жас театр артистерінің бірде-бірінде тәжірибе де, театрдың қалыптасқан репертуары да жоқ еді. Сондықтан композиторға бір жағынан кейде театрдың көркемдік жағын басқарушы болуға да тура келді. Оның бойын айрықша бір шығармашылық қуат кернеді. Өте қысқа мерзім – бас-аяғы бес жылдың ішінде композитор Қазақ опера өнерінің негізін қалаған опералық төрт шығарма жазды.

Театр коллективі «Қыз Жібек» операсын сахнаға шығару үстінде көп еңбек етті. Әрине, әзірге «Қыз Жібекті» опера деп атаудың өзі де қиын еді. Ол операдан гөрі музыкалы драмаға көбірек ұқсайтын.

Бірақ театрдың «Қыз Жібек» дастанына бірден назар аударуы тегін емес еді. Өзінің көркемдік жағынан, композициясы жағынан, қай жағынан болсын «Қыз Жібек» қазақ эпостарының ішінен ерекше көзге түсетін. Төлеген мен Қыз Жібектің сұлу бейнесі мәңгілік жастық шақты көз алдына елестетеді.

Композитор кітапханадан «Қыз Жібекті» тауып алды. Ол қайта-қайта оқыды. Дастан жолдарының ғажайып сұлулығына, музыкалық әуенділігіне қызықты.

...Ол біраз уақыт өткеннен кейін Күләшпен кездесіп, әнін тыңдады. «Міне, Қыз Жібектің рөлін ойнайтын адам – осы», – деп ойлады ол ішінен.

Ал Қыз Жібек – Күләш кәдімгі қарапайым етікшінің қызы еді. Ол әнді, ән салуды сүйетін. Осы талап оны театрға әкелді. Ол тұңғыш операны жазуда Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбековтермен бірге болып, көп көмек көрсетті. Олар спектакль жоспарын қызу талқыласты, қандай әндерді қалай пайдалануға болатыны жөнінде кеңес беріп отырды.

Іс тез алға жылжыды. Тәжірибе жетпей қалған жағдайда, жастардың жалын көмектесті. Ендігі міндет – бүкіл опера бойына әсер ететін негізгі асқақ арияны табу еді.

Алғашқы репетиция күні де белгіленді. Композитор мен оның көмекшілері болса, сол негізгі арияны іздеп, әлі таба алмай жүр. Затаевичтің жинаған әндерін де, өздерінің бұрын-соңды естіген әндерін де еске түсіріп көрді. Бірақ одан ештеңе шықпады.

Композитор «Қыз Жібек» операсын қала сыртындағы демалыс үйінде жатып жазды. Кешке жақын оны қалаға алып қайтуға ескі «Форд» машинасы келетін. Олар бүгін тас жолмен жаяу кайтуды ұйғарды. «Егер мүмкіндік болса, кез келген арбаның бірін міне салармыз», – деп ойлады.

Міне, олар екі ат жегілген арба үстінде келе жатыр. Біресе өрге шығып, біресе төмен түсіп, нарттай қызыл алма бақтарының арасымен келе жатыр. Күләш бүгін тыным табар емес. Жол бойы шырқатып ән салумен келеді.

Бұлар қалаға кіре бергенде, алма бағының алыс түкпірінен бір ән естілді. Жас актриса көмірдей қара ұзын екі бұрымын сәл қозғады да, арбадан көтеріліп, әнді тыңдады, тез ұғып алды.

Композитор да құлағын тоса қойды. Ол да бұрын мұндай әнді тындап көрмеген еді. – «Күләш, бұл қандай ән?» – деп сұрады ол актрисадан. – «Бұл «Гэкку» ғой, «Гэкку!» – деді Күләш, қуанышты кескін білдіріп. – «Уа, достар», – деді композитор қуанышы қойнына сыймай, – «біз іздегенімізді таптық, ал Күләш шырқап жібер!»

Күләш шырқап қоя берді. Әрі-беріден соң үшеуі қосылып шырқады.

Бұлақтай мөлдір, аққудай әсем Үкілі Ыбырайдың «Гэккуі» мынау алма бағына қалай келгенін қазір айту қиын. Біздің білетініміз: «Гэкку» негізгі арнасына айналған «Қыз Жібек» операсы кіршіксіз таза махаббатты, шексіз сүйіспеншілікті бейнелейтін халықтың ең сүйікті спектакльдерінің бірі болып алды.

Күләш Байсейітова «Гэккуді» ширек ғасыр бойы шырқады. Ол дүние салғанда ұлы актрисаға туған халқының көрсеткен зор құрметі ретінде қабірінің басында «Гэкку» ойналды.

...Операның алғашқы спектаклі түн ортасында аяқталды. Композитор мен операға қатысқан бір топ артистер даңғырлап сөйлеп, Ленин проспектісін бойлап келе жатты. Басқа ой жоқ, бәрін де операның аса табысты өтуі қуантты. Шымылдық жеті рет ашылды, артистер жеті рет сахнаға шықты. Зал тебіреніп кетті, мыңдаған дауыс «Гэккуді айтсын!», «Гэккуді айтсын!» – деп отырды.

Күләш «Гэккуди» қайта шырқады. Айтқан сайын мың құбылтып, алғашқысынан асырып айтатын сияқты.

Бір топ қыз артистердің қасынан жүгіріп өте беріп, Күләшқа тесіле қарады. Сонан соң былай шығып алды да, жаңа театрда естіген, жұрттың бәрін тебіrentкен әнді шырқады. Опера авторы, артистер бәрі тоқтап, әнге құлак түрді.

– Естідің бе, Күләш, сенің әнің бар дүниені шарлап кетті дей бер! – деді Евгений Григорьевич Брусиловский.

– Жоқ, біздің, бәріміздің әніміз! – деді Күләш.

Олар тауға қарай жүріп келеді. Аспанда жұлдыздар жарқырайды. Саф алтын ауаны «Гэкку» толқытып жібергендей...

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 101-105 б. (қазақша, орысша)*